

**"Ауыл, су, орман шаруашылықтары және жануарлар дүниесі саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 8-2/1132 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 21 шілдедегі № 215 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 шілдеде № 23642 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ауыл, су, орман шаруашылықтары және жануарлар дүниесі саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 8-2/1132 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13096 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыл шаруашылығы саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабы 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауыл, су, орман шаруашылықтары және жануарлар дүниесі саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің міндетін атқарушы  
2021 жылғы 21 шілдедегі  
№ 215 бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің 2015 жылғы  
25 желтоқсандағы  
№ 8-2/1132 бұйрығымен  
бекітілген

### Ауыл шаруашылығы саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі

| Буын                          | Саты | Лауазымдар атауы   |
|-------------------------------|------|--|
| А блогі ( басқару персоналы ) |      |  |
| А1                            | 1    | М ы н а л а р д ы ң :<br>Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының ;<br>Республикалық эпизоотияға қарсы отрядтың;<br>Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссияның;<br>Республикалық агрохимия қызметінің ғылыми-әдістемелік орталығының;<br>Республикалық өсімдіктер карантині орталығының (бұдан әрі – республикалық маңызы бар ММ және РММ) басшысы |
|                               | 1-1  | Республикалық маңызы бар ММ және РММ басшысының орынбасары   |
|                               | 2    | М ы н а л а р д ы ң :<br>Аймақтық гидрогеологиялық-мелиоративтік орталықтың;<br>Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясының;<br>Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясының (бұдан әрі – облыстық маңызы бар РММ) басшысы   |
|                               | 2-1  | Облыстық маңызы бар РММ басшысының орынбасары  |
|                               | 1    | Республикалық маңызы бар ММ-ның және РММ-ның бас бухгалтері;<br>Республикалық маңызы бар РММ облыстық филиалының басшысы;<br>Республикалық маңызы бар РММ республикалық зертханасының басшысы;   |

|                            |     |   |
|----------------------------|-----|---|
| A2                         |     | Республикалық маңызы бар РММ өңірлік филиалының басшысы; Республикалық маңызы бар ММ облыстық (аймақтық, республикалық маңызы бар қала) карантиндік зертханасының басшысы   |
|                            |     | Республикалық маңызы бар ММ-ның және РММ-ның бас бухгалтерінің орынбасары; Республикалық маңызы бар РММ облыстық филиалы басшысының орынбасары  |
|                            | 1-1 | Мемлекеттік сорт сынау учаскесінің, мемлекеттік сорт сынау станциясының (Республикалық маңызы бар РММ филиалдары) басшысы; Республикалық маңызы бар ММ және РММ аудандық филиалының басшысы   |
|                            | 2   | Облыстық маңызы бар РММ-ның бас бухгалтері; Облыстық маңызы бар РММ бөлімшесінің басшысы  |
|                            | 2-1 | Облыстық маңызы бар РММ бас бухгалтерінің орынбасары  |
| A3                         | 1   | Республикалық маңызы бар ММ және РММ құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің) б а с ш ы с ы ;<br>Республикалық маңызы бар РММ зертханасының басшысы  |
|                            | 1-1 | Республикалық маңызы бар РММ-ның құрылымдық бөлімшесі (бөлімі) басшысының орынбасары<br>Республикалық маңызы бар ММ және РММ бас: агроном, инженер, негізгі персонал инженері, негізгі персонал инспекторы, механик, фитопатолог, экономист, энтомолог, бактериолог, вирусолог, герболог, гельминтолог  |
|                            | 2   | Облыстық маңызы бар РММ бөлімінің басшысы   |
|                            | 2-1 | Облыстық маңызы бар РММ бас: агрохимик, гидрогеолог, негізгі қызметтер инженері, экономист  |
| B блогі (негізгі персонал) |     |   |
| B1                         | 1   | Бас ғылыми қызметкер  |
|                            | 2   | Жетекші ғылыми қызметкер  |
|                            | 3   | Аға ғылыми қызметкер  |
|                            | 4   | Ғылыми қызметкер  |
|                            | 5   | Кіші ғылыми қызметкер   |
| B2                         | 1   | Жоғары санатты біліктілігі жоғары деңгейдегі негізгі персонал мамандары: зертханашы, химик  |
|                            | 2   | Бірінші санатты біліктілігі жоғары деңгейдегі негізгі персонал мамандары: агроном, тұқым шаруашылығы жөніндегі агроном, өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном, өсімдіктер карантині жөніндегі агроном, агрохимик, бактериолог, вирусолог, ветеринариялық дәрігер, ветеринариялық зертхана дәрігері, герболог, гельминтолог, гидрогеолог, мелиорация жөніндегі инженер, зертханашы, топырақтанушы, фитопатолог, химик, эколог, энтомолог   |
|                            | 3   | Екінші санатты біліктілігі жоғары деңгейдегі негізгі персоналдың мамандары: агроном, тұқым шаруашылығы жөніндегі агроном, өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном, өсімдіктер карантині жөніндегі агроном, агрохимик, бактериолог, вирусолог, ветеринариялық дәрігер, ветеринариялық зертхана дәрігері, герболог, гельминтолог, гидрогеолог, мелиорация жөніндегі инженер, зертханашы, топырақтанушы, фитопатолог, химик, эколог, энтомолог |
|                            | 4   | Біліктілігі жоғары деңгейдегі негізгі персоналдың санаты жоқ мамандары: агроном, тұқым шаруашылығы жөніндегі агроном, өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном, өсімдіктер карантині жөніндегі агроном, агрохимик, бактериолог, вирусолог, ветеринариялық дәрігер, ветеринариялық зертхана дәрігері, герболог, гельминтолог, гидрогеолог, мелиорация жөніндегі инженер, зертханашы, топырақтанушы, фитопатолог, химик, эколог, энтомолог     |

|                              |   |   |
|------------------------------|---|---|
| B3                           | 1 | Жоғары санатты біліктілігі орта деңгейдегі негізгі персонал мамандары: зертханашы   |
|                              | 2 | Бірінші санатты біліктілігі орта деңгейдегі негізгі персонал мамандары: ветеринариялық фельдшер, зертханашы, техник-гидрогеолог   |
|                              | 3 | Екінші санатты біліктілігі орта деңгейдегі негізгі персонал мамандары: агрохимик, ветеринариялық фельдшер, зертханашы, техник-гидрогеолог   |
|                              | 4 | Біліктілігі орта деңгейдегі негізгі персоналдың санаты жоқ мамандары: агрохимик, ветеринариялық фельдшер, зертханашы, техник-гидрогеолог  |
| C блогі (әкімшілік персонал) |   |   |
| C1                           | 1 | Цех басшысы (меңгерушісі)   |
| C2                           | 2 | Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: бухгалтер, зертханашы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер, инспектор, нұсқаушы, менеджер, мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер, әдіскер, механик, аудармашы, редактор, референт, бағдарламашы, технолог, бағдарламашы инженер (бағдарламашы), жабдықтау жөніндегі инженер, кадр жөніндегі инспектор, экономист, заңгер, сапаны бақылау жөніндегі менеджер |
| C3                           | 3 | РММ-ға шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын құрылымдық бөлімшенің басшысы: қойма меңгерушісі  |
|                              |   | Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі орта деңгейдегі мамандар: кітапханашы, жабдықтау жөніндегі инженер, кадр жөніндегі инспектор, шебер, механик, референт, барлық атаулар технигі, экономист, заңгер   |
| D блогі (көмекші персонал)   |   |   |
| D                            |   | Техникалық орындаушылар: мұрағатшы, іс жүргізуші, комендант, хатшы  |

Аббревиатурлардың толық жазылуы:

ММ – мемлекеттік мекеме;

РММ – республикалық мемлекеттік мекеме.